

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 235 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 шілдеде № 15389 болып тіркелді.

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшermесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар министрі

\_\_\_\_\_ Д. Абаев

2017 жылғы 29 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 26 маусым

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –Қазақстан  
Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2017 жылғы 9 маусымдағы  
№ 235 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бұйрықтарының тізбесі**

1. "Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 7-1/625 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10298 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу қағидаларында:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

5. Ведомство 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттардың болуын және НТҚ-ның осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексереді.

6. НТҚ-ны келісуге ұсынылған құжаттарды қараудың нәтижелері бойынша ведомство мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) ұсынылған құжаттар қойылған талаптарға сәйкес келген жағдайда, НТҚ-ны сараптама өткізу үшін мемлекеттік ветеринариялық ұйымға жібереді;

2) ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген немесе дұрыс емес мәліметтер ұсынылған жағдайда, өтінішті әрі қарай қараудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап береді.

2. "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығында (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидалардың қолданысы саны 2 бастан көп емес жеке пайдалануға арналған иттер мен мысықтардың экспорты, импорты және транзиті жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасына (-нан, арқылы) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортын, импортын, транзитін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға қолданылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Асыл тұқымды жануарларды және асыл тұқымды өнімді (материалды) импорттау кезінде экспорттаушы елдің ресми органы берген, жануар мен асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) әр басына арналған асыл тұқымдық куәліктің немесе оған баламалы құжаттың көшірмесі өтінішке қоса беріледі (ақпараттық жүйеде жоқ болған жағдайда).";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы немесе оның орынбасары өтінішті және қоса берілген құжаттарды қарағаннан кейін мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні экспорттауға, импорттауға рұқсат алуға сұраным жолдайды;

2) осы Қағидалардың 10 және 11-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні экспорттауға, импорттауға рұқсат беруден жазбаша түрде уәжді бас тартады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі өтінішті қарайды және өтініш қабылданған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ведомствосына сұраным жолдайды.

Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі көрсетілген мерзімде өтінішті әрі қарай қараудан бас тарту туралы уәжді жауап береді.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы

№ 7-1/68 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 98 (28576) санында жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларында:

28 және 29-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Аспалы сырғалардың біреуі жоғалған немесе бүлінген кезде (ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірін анықтау мүмкін болмаған жағдайда) ауыл шаруашылығы жануарының иесі аспалы сырғаның телнұсқасын беру туралы өтініммен тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық ұйымына жүгінеді.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық ұйымы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органына осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) (аспалы сырғаның телнұсқасы) деген қажеттілік бойынша ақпарат береді.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық ұйымы аспалы сырғаның телнұсқасы келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіруді жүргізеді.

29. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) – аспалы сырға, радио жиілікті белгісі бар сырға, болюстер, чиптер және ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланылатын басқа да бұйымдар (құралдар) бүлінген (ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірін анықтау мүмкін болмаған кезде) немесе жоғалған кезде иесі сырғасы, болюсі, чипі және ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланылатын басқа да бұйымдары (құралдары) бүлінген немесе жоғалған ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірін анықтау үшін жануарды шаруашылық жүргізуші субъектінің басқа ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін ветеринариялық паспорттармен және дерекқормен салыстырып тексеру жүргізілгенге дейін оқшаулайды.

Бірнеше ауыл шаруашылығы жануары ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдар) жоғалтқан жағдайда, сырғасы, чиптері, болюстері бүлінген немесе жоғалған ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірін белгілеу ветеринариялық паспортта көрсетілетін қосымша белгілері (жынысы, ауыл шаруашылығы жануарының түсі, қосымша белгілері) бойынша жүргізіледі.

Көрсетілген жағдайларда ауыл шаруашылығы жануарларының иесі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық ұйымына осы Қағидаларға б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді. Осы тармақта көрсетілген себептерге байланысты ауыл шаруашылығы жануарларын қайта бірдейлендіру осы Қағидаларда

белгіленген тәртіппен ауыл шаруашылығы жануарына иесі өтініш берген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен асырмай жаңа жеке нөмір бере отырып жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы жануарына жаңа жеке нөмір берілген кезде дерекқорда және ветеринариялық паспортта ауыл шаруашылығы жануарының бұрынғы бірдейлендірілген нөміріне қоса, ауыл шаруашылығы жануарын қайта бірдейлендіру себебін көрсете және осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген шараларды қабылдай отырып, тиісті ақпарат (қайта бірдейлендірілді) көрсетіледі."

**4. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.05.2021 № 171 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5."Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларында және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарда:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ветеринариялық сертификат Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 767 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6027 болып тіркелген) бекітілген Аумақты аймақтарға болу қағидаларына сәйкес аумақтың аймақтарға бөлінуін ескере отырып беріледі.

Ветеринариялық сертификат:

1) Қағидаларға сәйкес саламатсыз және буферлік аймақтарда орналасқан компартаменттерді қоспағанда, аталған аймақтардан орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілерге;

2) импорттаушы ел Қазақстан Республикасынан орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілерге қатысты уақытша ветеринариялық-санитариялық шаралар енгізген жағдайда берілмейді.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Жануардың және жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың, жемшөптердің орнын ауыстыруды (тасымалдауды) жүзеге асыратын өтініш беруші жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымның ветеринария саласындағы маманына (бұдан әрі – ветеринария саласындағы маман) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

Жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде жануарларға, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық анықтаманы Заңның 8-бабы 46-8) тармақшасына

сәйкес бекітілетін тәртіппен өндірістік бақылау бөлімшесінің аттестатталған ветеринариялық дәрігері (бұдан әрі – аттестатталған ветеринариялық дәрігер) береді.

Бес килограмнан балықтарды және басқа су жануарларын (тірі, жаңа ауланған, салқындатылған, мұздатылған балықтар, сондай-ақ шаяндар, гаммарус, салина артемиясы (цисталар)) тасымалдау кезінде қайдан ауланғаны туралы анықтама қажет.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттер) әкелінген ветеринариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша орнын ауыстырған кезде ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектісі әкелінген ветеринариялық құжаттың көшірмесі болуы қажет."

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2017 жылғы 9 маусымдағы  
№ 235 тізбесіне  
1-қосымша

Тиісті аумақтағы эпизоотиялық  
жағдайды бағалауды ескере  
отырып, орны ауыстырылатын  
(тасымалданатын)  
объектілердің экспортына,  
импортына және транзитіне  
рұқсат беру қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

Кімге: \_\_\_\_\_  
(ветеринария саласындағы  
уәкілетті орган ведомствосының  
аумақтық бөлімшесінің атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғалар үшін: толық  
атауы, орналасқан жері,  
ведомство берген өндіріс  
объектісінің есепке алу нөмірі  
(коды), заңды тұлғаны  
мемлекеттік тіркеу (қайта  
тіркеу) нөмірі және күні,  
сәйкестендіру нөмірі / жеке  
тұлғалар үшін: жеке тұлғаның  
тегі, аты, әкесінің аты (бар  
болған жағдайда), есепке алу  
нөмірі (коды) сәйкестендіру  
нөмірі, дара кәсіпкер ретінде  
қызметінің басталғаны туралы  
хабарлама, телефонның,  
факстың, ұялы байланыстың

## Өтініш

Сізден \_\_\_\_\_ рұқсат беруіңізді сұраймын.  
(экспортқа/импортқа (керегін көрсету қажет))

1.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің саны, оның өлшем бірлігі
2.	Экспорттаушы ел (импорттаушы ел)
3.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні шыққан жері
4.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні экспорттау, импорттау кезінде пайдалану болжанатын көлік түрі
5.	Олар арқылы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні алып өту көзделетін мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттерін көрсете отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің жол жүру бағдары
6.	Экспорттың, импорттың мақсаттары (тірі жануарлар үшін – көбейту және күтіп-бағу, сату, етке сою; өнімдер үшін – өткізу, қайта өңдеу; жемшөп пен жемшөп қоспалары үшін – оларды жейтін жануарлардың түрі)
7.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні сақтауды (өңдеуді, өткізуді) жүзеге асыратын өндіріс объектісінің атауын және есепке алу нөмірін көрсете отырып, Кеден одағының (импорттау кезінде), үшінші елдердің (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттер) (экспорттау кезінде) кедендік аумағындағы межелі пункті
8.	Жойылып кету қаупі төнген және Жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның (бұдан әрі – СИТЕС) ықпалына түсетін тірі жануарларды, аңшылық олжаларын немесе олардың оңай танылатын бөліктері немесе құжаттары, орама жапсырмалары немесе басқа белгілері бойынша жануарлардың бөліктері немесе туындылары (дериваты) болатын немесе бола алатын туындыларын (дериваттарын) әкеткен жағдайда СИТЕС ықпалына түсетін жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге немесе Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге арналған рұқсаттардың берілген күндері және нөмірлері
9.	Ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының шыққан елін және олардың тіркеу куәліктерінің нөмірін (тіркеу, қайта тіркеу күні) көрсете отырып, өндіруші ұйымдардың ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын экспорттау кезінде
10.	Асыл тұқымды жануарларды және асыл тұқымдық өнімді (материалды) импорттау кезінде экспорттаушы елдің ресми органы жануардың әр басына берген асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжаттың нөмірі және күні
11.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің сипаттамасы
12.	Объектінің орналасқан жері
13.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні карантинге қою, өндіру, сақтау шарттары
14.	Талаптары бойынша "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардан ерекшеленетін Қазақстан Республикасына үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын

	мемлекеттер) әкелінген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді және олардан өндірілген өнімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге шығармау туралы келісімді растаймын
15	Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісемін. Мәліметтердің дұрыстығын растаймын

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы, күні)

Қазақстан Республикасы  
 Ауыл шаруашылығы  
 министрінің  
 2017 жылғы 9 маусымдағы  
 № 235 тізбесіне  
 2- қосымша  
 Тиісті аумақтағы эпизоотиялық  
 жағдайды бағалауды ескере  
 отырып, орны ауыстырылатын  
 (тасымалданатын)  
 объектілердің экспортына,  
 импортына және транзитіне  
 рұқсат беру қағидаларына  
 1-қосымша  
 Нысан

Кімге: \_\_\_\_\_  
 (ветеринария саласындағы  
 уәкілетті орган  
 ведомствосының аумақтық  
 бөлімшесінің атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_  
 (заңды тұлғаның толық атауы,  
 мекенжайы, ведомство берген  
 өндіріс объектісінің есепке алу  
 нөмірі (коды) / жеке тұлғаның  
 тегі, аты, әкесінің аты (бар  
 болған жағдайда), есепке алу  
 нөмірі (коды)

## Өтініш

Сізден \_\_\_\_\_ рұқсат беруіңізді сұраймын.  
 (экспортқа/импортқа (керегін көрсету қажет))

1.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің саны, оның өлшем бірлігі
2.	Экспорттаушы ел (импорттаушы ел)
3	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні шыққан жері
4.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні экспорттау, импорттау кезінде пайдалану болжанатын көлік түрі
5.	Олар арқылы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні алып өту көзделетін мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттерін көрсете отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің жол жүру бағдары



6.	Экспорттың, импорттың мақсаттары (тірі жануарлар үшін – көбейту және күтіп-бағу, сату, етке сою; өнімдер үшін – өткізу, қайта өңдеу; жемшөп пен жемшөп қоспалары үшін – оларды жейтін жануарлардың түрі)
7.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні сақтауды (өңдеуді, өткізуді) жүзеге асыратын өндіріс объектісінің атауын және есепке алу нөмірін көрсете отырып, Кеден одағының (импорттау кезінде), үшінші елдердің (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттер) (экспорттау кезінде) кедендік аумағындағы межелі пункті
8.	Жойылып кету қаупі төнген және Жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның (бұдан әрі – СИТЕС) ықпалына түсетін тірі жануарларды, аңшылық олжаларын немесе олардың оңай танылатын бөліктері немесе құжаттары, орама жапсырмалары немесе басқа белгілері бойынша жануарлардың бөліктері немесе туындылары (дериваты) болатын немесе бола алатын туындыларын (дериваттарын) әкеткен жағдайда СИТЕС ықпалына түсетін жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге немесе Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге арналған рұқсаттардың берілген күндері және нөмірлері
9.	Ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының шыққан елін және олардың тіркеу куәліктерінің нөмірін (тіркеу, қайта тіркеу күні) көрсете отырып, өндіруші ұйымдардың ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын экспорттау кезінде
10	Асыл тұқымды жануарларды және асыл тұқымдық өнімді (материалды) импорттау кезінде экспорттаушы елдің ресми органы жануардың әр басына берген асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжаттың нөмірі және күні
11	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің сипаттамасы
12	Объектінің орналасқан жері
13	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні карантинге қою, өндіру, сақтау шарттары
14	Талаптары бойынша "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардан ерекшеленетін Қазақстан Республикасына үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттер) әкелінген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді және олардан өндірілген өнімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге шығармау туралы келісімді растаймын
15	Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісемін. Мәліметтердің дұрыстығын растаймын

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы, күні)